

1994 жылы туған Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2011 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін Петропавл қаласының әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімінің 2010 жылғы 1 желтоқсандағы N 20 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 желтоқсанда N 13-1-185 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 17-бабы 3-тармағына, «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысына сәйкес, әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою үшін қала әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын, 1994 жылы туған Қазақстан Республикасының ер азаматтарын 2011 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейін Петропавл қаласының әскерге шақыру учаскесіне тіркеу ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. «1993 жылы туған Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын 2010 жылы Петропавл қаласының Қорғаныс істері жөніндегі басқармасының әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» қала әкімінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы № 1 шешімінің (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13-1-167 тіркелді және 2010 жылғы 21 қаңтардағы № 8 «Солтүстік Қазақстан», 2010 жылғы 22 қаңтардағы № 4 «Перспект СК» газеттерінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қ. Балғашоқоваға жүктелсін.

4. Осы шешім Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Петропавл қаласының әкімі

Н. Әшімбетов

К Е Л І С І Л Д І :
«Солтүстік Қазақстан облысы»

*Петропавл қаласының Қорғаныс
істері жөніндегі басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Д. Ғабдуллин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК